

Түсінік хат

Жаңа жағдайда білім беру жүйесінен, оның сапалы және өмір бойына үздіксіз болуы талап етіледі. Сондықтан педагог қауымның алдында тұрған негізгі міндет оқытудың қазіргі уақыттағы әдістері мен бағдарламаларын меңгеру, оқыту сапасын арттыру, сұранысқа ие білім мен дағдыларды беру, қоғамдық сананы жаңғырту, функционалдық сауаттылықты, үштілділікті, сын тұрғысынан ойлауды дамыту міндеті қойылған.

Оқу үрдісін ұйымдастыруда жаңартылған білім мазмұнымен оқитын 1-4 сыныптарда «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі-МЖБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 өзгерістерімен және толықтыруларымен) басшылыққа алынды.

2021-2022 оқу жылында қазақ тілінде және орыс тілінде оқытатын 1,2,3,4-сыныптардың оқу жұмыс жоспары:

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 Бұйрығы (2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 өзгерістер мен толықтырулармен);
- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы);
- «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамызындағы № 415 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары, 2-қосымшаға сәйкес оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары негізінде жасалды.

Инварианттық компоненттің «Тіл және әдебиет» саласындағы шетел тілі ретінде ата-аналардың, оқушылардың сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында, Педагогикалық кеңестің шешімімен қазақ және орыс тілінде оқытатын 1-4 сыныптарда ағылшын тілі пәні оқытылады.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыру мақсатында балалар үшін; оқу жұмыс жоспары негізге алынып, жекелеме-саралай қарым-қатынас жасау арқылы жұмыс жүргізіледі. Жекелеме-саралай қарым-қатынас жасау пәнді меңгерту аясында және арнайы мамандар көмегімен де жүзеге

асырылады. Ең басты міндеттеріміздің бірі – оқушының білім алуы мен дамып-өсуіне қолайлы және қауіпсіз жағдай жасау.

Биылғы оқу жылында 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» пәні енгізілді. Аталған пән 2-сыныпта тек келесі оқу жылында енгізіледі. Ал 4-сыныпта пән атауы өзгергенімн, былтырғы оқу жылындағыдай АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) меңгертілетін болады. Солайша «Цифрлық сауаттылық» пәніне бірқалыпты, сатылай көшу көзделіп отыр.

Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті негізінде **қазақ тілінде** оқытатын **2-сыныпта** енгізілген «**Тіл тағылымы**» таңдау курсының бағдарламасы оқушылардың академиялық білімдерін практикалық бағытта жетілдіруге бағытталған. Курс мазмұны оқушылардың дүниетанымын кеңітіп, сөздерді дұрыс байланыстырып сөйлеуге, оқушылардың оқу сауаттылығы мен жазу сауаттылығы, тіл шеберлігін дамытуға негізделіп құрылған.

Биылғы оқу жұмыс жоспарының ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» мен «Букварь» пәндерінің қайтарилуы.

Қазақ тілінде білім беретін **3-сыныпта** дене тәрбиесі және ұлттық тәрбиені сабақтастыра отырып құрылған «**Спорт және Мен**» бағдарламасы енгізілді. Қазақ халқының және Қазақстан жерінде мекен етуші басқа да ұлттардың ойындарынан құралған модификацияланған бағдарлама Синявский Н.И., Власов В.В., Фынтынэ О.А. авторлар тобымен құрылған авторлық бағдарламаға негізделіп жасалған.

Қазақ тілінде оқытатын **4-сыныпта** енгізілген «**Шалма**» қазақ тілі мен математиканы байланыстыра оқыту бағдарламасы оқушылардың теориялық сауаттылығын, ана тіліне деген қызығушылығын, сабаққа деген белсенділігін сабақта, сабақтан тыс уақыттарда дамыта түсуге негізделген. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылар топта жеңілден қиынға қарай тапсырмалар орындау нәтижесінде, алған білімдерін тексеріп бекітумен бірге, логикалық ойлау қабілеттерін де дамытады. Тапсырмалар оқушылардың сабақта, сабақтан тыс кезде, тіл дамыту, жазу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Вариативтік компонент бағдарламалары кешеннің Әдістемелік кеңесінің 28.08.2021ж №5 отырысының хаттамасымен қаралды.

2021-2022 оқу жылына арналған Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешені» КММ-нің оқу жұмыс жоспары Педагогикалық кеңестің 27.08.2021ж №1 отырысында қаралып, бекітілді.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің
(жаңартылған мазмұнның) оқу жұмыс жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	10	11	11	11	43	1452
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі	2	2	2	2	8	270
5	Шетел тілі	2	2	2	2	8	270
	Математика және информатика	4,5	4	6	6	20,5	692,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	-	1	1	2,5	84,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
	Адам және қоғам	2	2	2	2	8	270
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
10	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	4	135
	Технология және өнер	2	2	2	2	8	270
11	Көркем еңбек	1	1	1	1	4	135
12	Музыка	1	1	1	1	4	135
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
13	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
Инварианттық оқу жүктемесі		22,5	23	26	26	97,5	3292,5
Вариативтік компонент							
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		-	1	1	1	3	102
«Тіл тағылымы»		-	1	-	-	1	34
«Спорт және Мен»		-	-	1	-	1	34
«Шалма» қазақ тілі мен математиканы байланыстыра оқыту		-	-	-	1	1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		-	1	1	1	3	102
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		22,5	24	27	27	100,5	3394,5

**Рабочий учебный план (обновленного содержания) начального образования
для классов с русским языком обучения**

№	Образовательные области и учебные предметы	Количество часов в неделю по классам				Общая нагрузка, часы	
		1	2	3	4	недельная	годовая
Инвариантный компонент							
	Язык и литература	10	12	12	13	47	1588
1	Букварь, Обучение грамоте	6	-	-	-	6	198
2	Русский язык	-	4	4	4	12	408
3	Литературное чтение	-	3	3	3	9	306
4	Казахский язык	2	3	3	4	12	406
5	Иностранный язык	2	2	2	2	8	270
	Математика и информатика	4,5	4	6	6	20,5	692,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифровая грамотность	0,5	-	1	1	2,5	84,5
	Естествознание	1	1	2	2	6	203
8	Естествознание	1	1	2	2	6	203
	Человек и общество	2	2	2	2	8	270
9	Познание мира	1	1	1	1	4	135
10	Самопознание	1	1	1	1	4	135
	Технология и искусство	2	2	2	2	8	270
11	Музыка	1	1	1	1	4	135
12	Художественный труд	1	1	1	1	4	135
	Физическая культура	3	3	3	3	12	405
13	Физическая культура	3	3	3	3	12	405
Инвариантная учебная нагрузка		22,5	24	27	28	101,5	3428,5
Вариативный компонент							
Индивидуальные и групповые занятия развивающего характера		-	-	-	-	-	-
Вариативная учебная нагрузка		-	-	-	-	-	-
Максимальная учебная нагрузка		22,5	24	27	28	101,5	3428,5